Мырзатай Серғалиев,
ҚР ҰҒА академигі

САРА СӨЗДІҢ САРДАРЫ

1. Ұлағат

Ашылып, жабылған есікпен бірге студенттер гуілі де сап тыйылып, аудиторияға енген ұстазға бір леппен көтерілісіп ізет білдірді. Темірбек аға уақытты көп кідірткен жоқ, жаңа бір тақырыпты бастап та кетті.

– Мысалға Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлкесіндегі» Күреңкөз қожа, Байжан образдарын алайық... Аудитория ішінде сілтідей тыныштық ұйып, студенттер назары ұстазға, оның әрбір сөзіне ауған. Сәлден соң бұрыш-бұрыштан еміс-еміс естілген мырс-мырс мысқыл көп ұзамастан студенттердің ортақ ду күлкісіне ұласқан. Шынында да, бұл арада сатира сыншысының мысалға келтірілген уытты әжуасына күлмеске болмас та еді. Бұл білікті ұстаздың шәкірттерінің еңсесін бір серпілткені. Дәріскер саликалы қалпымен тақырыпты одан әрі өріп әкеткен.

Лекция соңында білім иесі дәрістің қаншалықты дәрежеде өткенін іштей салмақтап, бағалап алды. Тәжірибелі білімгер берілген уақытты бос жіберіп алмай, сабақ тартымдылығын ескере отырып, жиған-тергенін шәкірттеріне беріп, сіңіріп үлгеруі тиіс. Артық кетіп, кем қалмау биыл 70 жасқа толғалы отырған, жарты ғасырға жуық ғұмырын ұлт болашақтарына нәрлі білім беруге арнаған әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университетінің профессоры, белгілі сатира сыншысы – Темірбек Қожакеев ағаның осынша жылдан бергі ұстанған қағидасы.

1953 жылы оқуын қызыл дипломға үздік аяқтаған түлегін университет қызметке шақырады. Жігеріне алмас жанып жігіт қиынсынған жоқ, дәріскерлік жауапкершілік

жүгін иыққа аса жүріп, қаламдағы шеберлігін құлшына ұштап, ілгері адымдай берді.

Осылайша зырлап өткен көктем, жаздар ұстаз алдынан мыңдаған шәкірттердің қанатын қомдатып қияға ұшырды, қаншасын ел аузындағы айтулы азаматтарға айналдырды. Біреулері сатира көшінің туын ұстаса, енді бірі қаламы қарымды ақын, жазушы, журналист атанды.

Өзі де біршама жетістіктерге қол жеткізе алды. Осы уақыттар бойында ұстаз қаламынан жарық көрген 700-ден астам мақалалар есімі көпке беймәлім болып келген қазақ журналистикасының тұңғыш қарлығаштарын ел-жұрт назарына тосты. Сонау бір жылдары жазықсыз жаза тартып, қиянаттың қара батпағына әдейілеп батырылған көптеген ұлт қайраткерлерінің журналистік-публицистік қабілеттерін туған ұлтына қайта бағалатты.

Темірбек ағаның «Жыл құстары», «Көк сеңгірлер», «Сара сөз сардарлары» сияқты тағы да басқа кітаптары қазақ баспасөзі тарихына қосқан үлесінің айғағы. Ал, қазақ сатирасын зерттеудегі еңбегінің өзі жеке бір төбе, бөлек әңгіме.

Жалпы, біз сөз еткелі отырған ұстаздық қасиет Темірбек ағаның бір қыры ғана. Бәлкім, адам бақыты деген осы шығар.

Асылы, білімі терең, қояр талабы зор ұстаздық жемісі – шәкірті ғана болашағынан шындап үміт күттіре алар. Қасиетті шаңырақ – білім ордасына таудай талаппен түскен тарыдай шәкіртті күні ертең ұлтының мәртебесін көтере түсер, елі иек артар сапалы маман етіп даярлап шығару ұстаз үшін әрдайым оңай сын болмаса керек-ті.

Мынадай қымбатшылықтың асқынған кезінде көптеген студенттерге оқудың оңай түсіп жүрмегені түсінікті жайт. Бірақ төзу керек. Өйткені бүгінгі студент – ертеңгі маман. Ал іскер маман, әрине, бірінші орында өз елі – қазақ еліне керек. Демек, шәкірт үшін қашан да алдыңғы қатарға білім шығуы тиіс, – деген еді Темірбек аға бір пікірлескен кезімізде.

– Сонда сапасыз маман қайдан шығады?

– Студенттің сессия мәресіне дейінгі істеген еңбегі, оқып қабылдаған білім дәрежесінің қай шамада екендігі сүзгіден өтер сынақ кезінде анық байқалады. Жыл бойы тыңғылықты даярланған шәкірт сынаққа батыл кіріп, қуанып жатады. Ал бұл кезде есіл уақытын жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүруге арнаған кей жылтыңдар есік сыртынан мұғалімнің оңаша қалуын аңдып, көңіл жықпас, жақын-жуық, таныс арқылы буынсыз жерден пышақ салып шала бүлінеді.

Қайткенде ебін тауып жан қинамай сынақтан өткен сабазың бір кезде күлімдеп, қамсыз келе жатады. Міне, осыдан келіп шәкірттің әр ұстазға деген көзқарасы әрқалай болып өзгереді.

Ұстаз шындықты айтты.

– Қарап отырсаңыз, студенттердің көпшілігі қатал болып есептелетін мұғалімдердің сабағына толығымен қатысады. Яки лекция сайын міндетті түрде түгендеп, сессия кезінде біраз уақыт соңынан салпақтатып, сілікпесін шығарып шаршату керек. Сонда жақсы маман даярлау үшін студенттерді әрдайым осылай жанталастыру керек пе?

– Жоқ. Талап кою – студенттер санасында қалыптасқандай қорқытып-үркіту емес, керісінше, оқушыға болашақ маман ретінде өз жауапкершілігін барынша байыпты түрде сезіндіру. Өйтіп-бүйтіп сүйретіліп жүріп диплом алуды көздеген шәкірттен қандай үміт күтуге болады? Елдің келешегінің кілті сендердің қолдарыңда емес пе?

Ұстазбен әңгімелесе отырып, ащы шындықты іштей мойындаумен болдым. Осы сәт есіме өзім шығармашылық тәжірибе жұмысында болған алыс аудандағы газет редакторының ұстазға деген мынадай лебізі түскен-ді.

Өзінің де сол факультеттің түлегі екенін аңғартқан редактор мені жылы кабылдаған.

Факультеттің қазіргі хал-ахуалы, жаңалықтарын қалт жібермей тыңдай отырып, әңгіме арасында кезінде дәріс берген оқытушыларын ықыластана еске алды.

– Темірбек аға әлі дәріс беріп жүр ме?

– Иә.

– О-о, ол кісіден тәлім алып жүрсен, онда нашар шықпадың, - деп жымиып қойды редакторым басым изеп,– Ағай әлі тұғырында болса небір иісалмас маймұрындарыңның өзін майталман етіп шығарар. Біз оқыған жылдары ағай факультет деканы еді. Таңертең жатақханаға ерінбей келіп, студенттерді бірінші парға бір-бірлеп тізгендей етіп өзі шығарып салатын. Қазір қандай екенін білмеймін, сол тұста жатақхананың іші-тысындағы тазалық сыңғырлап тұратын. Апталап сабақ жібермек тұрмақ, бір күн сабақта болмай қалу өзгеше құбылыс сияқты еді бізде. Тәртіпті қатаң қадағалайтын. Аса маңызды жағдай болмаса, орынсыз қалушыға қойылар шарт жалғыз – «Оқымасаң орынды білім керек талапкерге босат!». Осыдан кейін кешігіп көр. Кейде жылы төсек, жан тыныштығын қимай «осыншама қаталдық неге керек?» деп ренжитінбіз. Сонда түсінбейді екенбіз, бұл ұстаздың студентін несібесінен құр қалмай оқысын, ой-өрісін кеңейтсін, ізденсін дегені екен-ау! Кезінде қиналсам да казір рахмет айтамын, - деген еді редакторым.

– Өзгені мойындату үшін алдымен өзіңе-өзің талап қоя біл,– деп әңгімесін сабақтай түсті тарлан білімгер, – өзіндегі былғанышты елемей, кісідегі кіршікті бұрын аңғарып «анауың не?» деп саусағыңды безеу айнадағы өз пошымыңа «сіз кімсіз?» деп танымай, шошына сұрақ қоюмен бірдей. Ұстаз – адам мінез-құлкының тәрбиешісі ғой. Дегенмен де бес саусақтың бірдей еместігі секілді, әр қилы ұстаз бар. Кейбірі тым жұмсақтыққа салынып, пәннің негізгі арқауынан ауытқып, оқыту сапасынан айрылып, төмендетіп алады. Бірақ «молданың істегенін емес, айтқанын істеген абзал» демей ме? Қалай болғанда да жақсы тәлімгер бойындағы білімін оқушысына арнар. Білікті дәріскер шәкіртінің білгенін қанағат етіп, місе тұтпай, оны өз дәрежесіне көтеруге ұмтылады. Ол үшін ұстаз өзін де, өзгені де аямайтын әділ талап керек. Бос болу жарамайды. Бірақ талапшылдық деген осы деп қақиып қалмай, қамқорлық та жасай біл шәкіртіңе,– деп аяқтады ұстаз өз сөзін.

– Иә, Темкең темірдей тәртіп адамы. Көп адамдар ол кісіні қатал деп бір жақты бағалайды. Тәртіп қай кезде де, кай қоғамда да қажеттілігін сезіндіре алады. Әсіресе, қазіргідей бейберекет уақытта. Бұл – Темірбек ағаның өз шәкірті, әрі қызметтесі, жуырда ғана 60 жылдық мүшел тойын күллі қазақ сатирасы атап өткен Үмбетбай Уайдин ақсақалдың сөзі. − Бірақ Темкең ешқашан әділетсіз талап қойып, мазасыз міндет артқан емес. Ол кісінің сыйынатын пірі – шындық жөне нақты білім. Көлгірсіп, көрер көзге өтірік айтатындарға жанымен қас.

«Ұстазын сыйлаған адам ғана ұстаз бола алар» дейді халық. Бір кездерде өзін небір шың-құзар, қияға самғатып, қайратына дем берген ұстазы Б.Кенжебаевты осы уақытта қалай құрмет тұтып отырса, қазір де Темірбек ағаның өз шәкірттері, қаламдас әрі қызметтес әріптестері – Н.Омашев, Б.Жақыпов, А.Шәріпов, Қ.Алдабергенов, Д.Баялиева, Р.Алтынбекова секілді ізбасарлары солай пір тұтып, тәлімгерлік тәжірибесін өздеріне өмірлік серік етіп алған. Мұның өзі ұстаз-ғалымның мәртебесінің әрдайым биік, болашаққа берерінің мол екендігін айғақтайды.

2. Білімдіден шыққан сөз

Халқымызда «Тұлпар болар құлынды желі басынан танисың» деген даналық бар. Ол өзінің ғылым жолындағы дарынын ұстаздарына тұңғыш рет «Шоқанның публицистикалық шығармалары» тақырыбынан диплом жұмысын қорғап тұрғанда-ақ мойындатқан-ды. Сол жолы ұстаздары Б.Кенжебаев пен С.Төлешев өренге дән риза болып, үміт арта тұрып: «Сен енді қазақ сатирасын зерттеуді қолға алсаң кайтеді» – деп әлі алынбаған, сұсты, жаңа асуларға жол нұсқаған. Тәжірибелі бапкерлердің қолынан томағасы сыпырылған қыран қанатын қомдап жіберіп қияға шырқай жөнелді. Алғыр білім иесі жүрек-сінбеді. Тас түйін болып бекінген түлек тарих тұңғиығында тұншығып жатқан архивтердегі көмескі сырларды қайта аударыстырып жүріп, қызыға да құныға ізденуге кірісті. Қансонарда із кескен аңшыдай жекелеген штрихтарға баса назар аударды. Яки ғалымның өзі айтқандай, «Бір нәрсені

зерттей жүріп, өзге жұмбақ жәйттерге тап боласың, осыдан келіп Айдың екінші бетіне қалай аяқ басқаныңды білмей қаласың...»

Қазақтың бірден-бір маңдайы жарқыраған, жұлдызы жоғары, білім кенішінде үздіксіз қызмет еткен Темірбек ақсақалдың 45 жылдық ғұмырының өн бойына үңілсеңіз, ұстаздың аса талантты, сегіз қырлы, бір сырлы атпал азамат екендігін еріксіз мойындайсыз. Зерттеуші-ғалымның қазақ әдебиеті әлеміне әкелген жаңа лептері мен еңбектерін сөз етіп, толығымен қамту үшін бір диссертациялық жұмыс көптік емес. Ал қазіргі ой жүгірткелі отырғанымыз ғалымның сол 45 жылдық ізденістерінен 45 минуттық үзінді ғана.

Жылдар бойы тынымсыз, қажырлы зерттеулер нәтижесінде профессор қаламынан осы уақытқа дейін қазақ көркем әдебиеті мен журналистикасы үшін аса маңызды 30-ға жуық ғылыми еңбектер мен монографиялар жарық көріпті. Ұлттық әдебиет саласын көтермелеген жүздеген мақалалары баспасөз беттерінде басылып, оқырмандарынан өзіне лайықты бағасын алып жатты. Зерттеуші еңбектерінен боссөзділік көрмейсіз, әрбір жазылған дүние қазақ әдебиеті үшін тосын жаңалықтарға толы болды.

Ғалымның қазақ сатирасы үшін аса маңызды «Адам. Қоғам. Сатира», «Сатира және дәуір» атты монографиялық талдауларын оқи отырып көзіміздің анық жететіні, Темірбек аға қазақ әдебиетінің ежелден келе жатқан сөз ескерткіштерін Темірқазық етіп ала отырып, ұлтымыздың сатирасының теориясы мен тарихын жасаған бірінші ғалым екен. Екі кітап та бір негіздес, бір түбірден. Яки қазақ сатирасының әр дәуіріндегі әжуа, сын- сықақтарының дәреже-салмақтары. Білімгер ғалымның өзі жазғанындай, «Қазақ сатирасының тарихын зерттеу – халқымыздың әр кездегі салт-санасын білу, оның ақыл, ой парасатының кемелдену процесін аңғару». Расында да, әр кездердегі билеуші топтардың ел билеу саясатының өзгеруіне орай, халық сатирасы да солғұрлым күрделене түседі. Осыған дәлел ретінде бірінші кітапта («Адам. Қоғам. Сатира») ежелгі замандардан бастап XX ғасыр аралығындағы сатира

әңгіме желісі болады. Осы екі аралықтың өзі төрт кезеңге бөлініп қарастырылған. Алдымен, қоғам мен топтар арасындағы ерекшеліктердің ұлт сатирасына әсері, одан соңғылары – Абай дәуіріне дейінгі, Абайдың тұсындағы, Абайдан кейінгі сатира болып зерттеледі. Әңгіме басын Бұқар жырау, Шөже, Шал ақын, Махамбет, Сүйінбай, Шернияздан бастап, соңғы тарауларды Сұлтанмахмұт, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, М.Сералин, С.Дөнентаев секілді XX ғасыр басындағы сатира туын көтерушілермен аяқтайды. Осы еңбекте Темірбек аға Сұлтанмахмұт пен Абай шығармаларын салыстырып келтіре отырып ғасыр басындағы сықақтың жазылу дәрежелерін анықтап береді.

Ал екінші кітапта – «Сатира және дәуірде" де зерттеуші төрт кезеңге бөліп қарастырған. Бұл монографияда негізгі талдау объектісі болатын уақыттар – 1917-1975 жылдар аралығы. Мұндағы тараулардың беташары көпшілігімізге белгілі С. Дөнентаев, С. Сейфуллин. Е. Алдоңғаровтардың сатиралық еңбектерімен ашылса, 1925 жыл мен 1938 жылдар аралығын қамтитын екінші кезең «Өрлеу үстінде» деп аталып, онда сатираның өркендеуіне сол тұста белсене ат салысқан «Шаншар», «Жыршы», «Балға» сын-сықақ журналдарын, Б. Майлин, Қ. Тайшықов, Қ. Қуанышбаев секілді тағы басқа сатириктерді әңгімеге арқау еткен.

1935-1952 жылдар аралығын тарих зерттеушісі «Бәсеңдеу белінде» деп атайды. Неге десеңіз, даурықпа «кемшіліксіз» социализм осы кезеңге өз жемісін дәріптей түсуді міндеттеді. Оның есесіне тосыннан киліккен Ұлы Отан соғысы да әдебиеттің жауынгер жанрына өз әсерін тигізіп, сол тұста қазақ сатирасы біршама кенжелеп қалады. Дегенмен де әр заманның өз сұрқылтайының болатынындай, онда да А. Тоқмағанбетов, С. Төлешов сияқты сөз найзагерлері шыққан.

Соңғы тарау «Қайта өрлеу өріндегі жылдар» деп аталады. Аты айтып тұрғандай мұнда жаңа буын сатириктері сөз етілген.

Қысқасы, осы уақытқа дейін жете зерттеліп, баса назар аударыла қоймаған көркем әдебиеттің сатирадай салмақты саласына тыңнан жаңа жол ашқан тұңғыш ғалым – Темірбек аға Қожакеев десек, асылық болмас. Бұған дәлел ретінде филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Нұрғалиев ағамыздың «Біздің әдебиеттану ғылымында сатира мен юморды зерттеп, кейінгісі мен бүгінгісіне кең барлау жасап, ертеңгісіне ой жүгіртіп отырған ғалымдарымыз тым аз, тіпті жоқтың қасы. Қазақ әдебиетіндегі осы жанрдың қалыптаса бастауынан бергі қамқоршысы болып қашан да басы-қасынан табылып жүрген жанашыр ғалымымыз – филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Қожакеев» деген пікірін алуға болады («Кітап жаршысы», 1986, 11.11.).

Қос монография, дау жоқ, қазақ сатирасының тарихы үшін өлшеусіз салмақ қосты. «Сатира және дәуір» күрделі еңбегінен бастап, біз кешеге дейінгі атын анықтап айтуға жасқанған, кінәсіз азап тартып, ерте сөнген, есімдері ел есіндегі ұлт қайраткерлерінің халқына беймәлім жаңа тұстарымен қауыша бастадық.

Темірбек ағаны қазақ сатирасын бүге-шігесіне дейін ақтарып қараған, дәмді ойлар қазанын қайнатқан, білгір теоретик деп атасақ та болады. Оған жауап ретінде «Сатира – күштілер қаруы», «Қазақ сатирасы», «Сатиралық жырлар», «Бүгінгі қазақ сатирасының кейбір мәселелері» атты аса бағалы зерттеулер жазып шыққандығын мысал ете аламыз.

Ізденімпаз ұстаздың сатириктер мектебінің нағыз жетекшісі екендігі журналистика тарихын зерттеушісінің «Қазақ сатирасы» еңбегінен байқалады. Тақырыпқа негіздей отырып қазіргі сықақшыларымыздың кемшілік-тері мен жөнділіктерін қатар көрсетіп, оларға дұрыс бағдар сілтейді.

Ғалым ағаның ерекше назар аударатын елеулі еңбектерінің біразы бертінде де жарық көрді. Атап айтсақ, «Жыл құстары», «Көк сеңгірлер», «Сара сөз сардарлары» секілді кітаптары қазір көпшілік сұранымына ие болып,

қолдан-қолға тие бермейтін бағалы оқу құралдарына айналды. Әр кітаптың ұлттық журналистикамыздың тарихына қосар өзіндік үлестері жеке-жеке бір төбе. Мысалы, «Жыл құстары» осы уақытқа дейін қалың қауым біле бермейтін 1920-1930 жылдар аралығында басылым көрген қазақ баспасөздерінің тарихымен, онда кімдердің қызмет еткендігімен тиянақты таныстырады. Қазірде халық арасында беделі бар «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш» газеттерінің, «Қазақстан әйелдері» журналының, тағы басқа басылымдардың күретамыр түп бастауларының қайдан бас алатынын дәлелді түрде баяндап береді.

Қаны сорғалаған 1935-1950 жылдар аралығындағы «шаш ал десе, бас алған» ұрда-жық, әпербақан саясаттың қара құйынының құрбаны болған құлагерлеріміз Ә. Айсарин, Е. Алдоңғаров, Р. Байжарасов, Н. Төреқұлов, М. Жолдыбаевтар қандай азаматтар еді? Олармен де қайта табыстырып, рухтарын тірілткен де осы «Жыл құстары».

Құйрықты жұлдыздай ағып түскен ұлтымыздың ардақты арыстары Т. Рысқұлов, С. Қожанов, Б. Майлин, О. Жандосов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаевтардай және де өзге қазақтың ақиық, біртуар ұлдарының жан-жақты дарындылығын халқына қайта паш етуде Темірбек аға жазған «Көк сеңгірлер» кітабының маңызы өте зор.

Әңгіме соңын түйіндей келе Темірбек ағаның зерттеп, жазып шыққан еңбектері жөнінде бес-алты ауыз сөзбен айшықтап шығу мүмкін емес. Әйтсе де ғалымның сөзі өлмейді, білімдіден шыққан сөздің айтылған жерде қалмайтындығы белгілі. Сондықтан да ұлағатты ұстаздың күні-түні талмай ізденісінің нәтижесінде маңдай термен жазылған еңбектері бұдан былайғы уақыттарда да барша қазақ халқының тұшына оқып, сүйсіне қабылдар шығармаларына айнала беретіндігіне күмән жоқ деп ойлаймыз.

22.04.1996 ж.